



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№65 (10465) 21 ТАМЫЗ, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

• ҚЫСҚА-НҮСҚА

КИІК ҰШАЛАРЫ МЕН МҮЙІЗДЕРІН ЗАҢСЫЗ САҚТАҒАН ТҮРҒЫН ҰСТАЛДЫ

Бейнеу ауданының Тұрыш ауылындағы бір үйдің ауласынан киіктердің ұшалары мен мүйіздерін заңсыз сақтау фактісі анықталды. Тінту кезінде Қызыл кітапқа енгізілген 9 киіктің ұшасы, 30 мүйізі, сондай-ақ 16 мм калибрлі оқ-дәрілер мен өзге де заттай айғақтар табылып, тәркіленді.

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПKE ДАЙЫНDAУ ҮШІН 20 млрд. TEҢGE БӨЛІНДІ

Қазақстанда «Жалпыға бірдей білім беру» қоры аясында ата-аналар мен заңды өкілдеріне мектеп формасы, аяқ киім және оқу-құралдарын сатып алу үшін шамамен 20 млрд. теңге бөлінді. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, биыл қолдау 500 мыңнан астам балаға көрсетіледі. Оның ішінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, аз қамтылған және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары бар.

ТҮРҒЫН ҮЙ АУЛАСЫНАН 20 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Ақтау қаласы, 39-шағын аудан, 12-үй ауласында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, 20 тонна қоқыс шығарылды. Тазалық жұмыстарына 40 қызметкер және 3 арнайы техника жұмылдырылды.

455 КЕЛІ БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚ ТӘРКІЛЕНДІ

Маңғыстау облысының табиғат қорғау прокуратурасы РМҚК «Охотзоопром» қызметкерлерімен бірлесіп, балық өнімдерінің заңсыз айналымын алдын алу мақсатында рейд өткізді. Рейд кезінде Түпқараған ауданының «Ащымұрын» теңіз жағалауы аумағында «Toyota Land Cruiser 100» маркалы автокөлік тоқтатылды. Көліктің жүк салғышынан жалпы салмағы 455 келі болатын бекіре тұқымдас балық табылды.

Маңғыстау облысы прокуратурасының хабарлауынша, бұл дерек ҚР ҚК-нің 339-бабымен (Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлармен заңсыз айналысу) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелді.

ВАЛЮТА БАҒАМЫ

(USD) АҚШ доллары	538.57
(EUR) Еуро	629.48
(RUB) Ресей рублі	6.71

АУА РАЙЫ

	ТҮН	КҮН
Ақтау	+30	+32
Жаңаөзен	+22	+38
Форт-Шевченко	+21	+28

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ БУЫНЫ – МАҢҒЫСТАУ

ЕЛІМІЗ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АЛПАУЫТ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛУЫ ҮШІН ХАЛЫҚАРЫЛЫҚ ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДЕРДІҢ ТИІСТІ ТАЛАПТАРҒА САЙ БОЛУЫ ШАРТ. МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ҚОЛАЙЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ ТРАНСҚҰРЛЫҚТЫҚ ТАСЫМАЛДЫҢ ТҰРАҚТЫ ТІЗБЕГІН ҚҰРУҒА ТОЛЫҚТАЙ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. СОНДЫҚТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ КҮРЕ ЖОЛДАРДЫҢ ЖЕЛІСІН ЖАҢҒЫРТУ, ЖАЙ-КҮЙІН ЖАҚСАРТУ, ҚҰРЫЛЫСЫН ЖЕДЕЛДЕТУ МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ЕУРОПА-АЗИЯ ТРАНСҚҰРЛЫҚТЫҚ КӨПІРІНІҢ АСА МАҢЫЗДЫ БУЫНЫ АТАНУЫНА НЕГІЗ БОЛАДЫ. БҮГІНДЕ ЖАҢАӨЗЕННЕН ТҮРІКМЕНСТАН ШЕКАРАСЫНА ДЕЙІН ТӨСЕЛІП ЖАТҚАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОЛ ТОРАБЫ ТУРИЗМНІҢ ЖАНДАНУЫ МЕН ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІНІҢ ҰЛҒАЮЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ.



Аталған жол Кендірлі курорт аймағы арқылы өтіп, шекарадағы «Темір баба» кеден бекетіне дейін созылады. Қазіргі таңда ұзындығы 164 шақырымдық трассаның 114 шақырымына орташа жөндеу жүргізілсе, қалған 50 шақырымына жаңа асфальт жабындысы төселіп жатыр. Құны 27,6 млрд. теңгені құрайтын жол тармағына жергілікті жол-құрылыс материалдарды қолданылады.

Мердігер компания өкілінің мәлімдеуінше,

стратегиялық жоба межелі мерзімде – келер жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс. Сарапшылардың сөзіне сүйенсек, қос елді жалғаған халықаралық жол желісі транзиттік жүктерді жеткізу мерзімін біршама қысқартады.

Халықаралық жол Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың стратегиялық маңызын бекемдей түседі. Сондай-ақ инфрақұрылымдық жоба бауырлас елдер арасындағы

сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың кенеюіне серпін береді. Бұған дейінгі келіссөздер барысында көршілес елмен көлік-транзит саласындағы ынтымақтастықты дамытуға айрықша көңіл бөлінгені мәлім. Бұрыннан қалыптасқан логистикалық тізбектер үзілген кезде бұл бағытқа қажеттілік күрт артқанын аңғарған қос мемлекет магистралді дамыту бойынша бірлескен іс-әрекет жоспарын дайындауға мүдделі еді. Келешекте Қазақстан мен Түрікменстан арасында визасыз режим енгізілуі мүмкін. Биыл мамыр айында Парламент Мәжілісінде арнайы заң жобасы ратификацияланды. Бұл шешім екі ел арасындағы

ынтымақтастықты нығайтып, транзиттік әлеуетті одан әрі арттыра түседі. Бұл – Қазақстан мен Түрікменстан елдері жаһандық күн тәртібіндегі маңызды бағыт саналатын энергетикалық қауіпсіздік, халықаралық көлік-транзит жолдарын дамыту, экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ортақ іс-әрекеттерді үйлестіруді жалғастырады деген сөз.

Өз тілшіміз.

• БҮГІНГІ САНДА

КЕМЕ ЗАУЫТЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ



ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫН ӘР ТАРАПТАНДЫРУ ҮШІН ӨЗГЕ СЕКТОРЛАРДЫҢ ӨРІСТЕУІНЕ СЕПТЕСУ, ӨНДЕЛГЕН ӨНІМ ҮЛЕСІН ҰЛҒАЙТУ, БИЗНЕСТІ ДАМУ МАҢЫЗЫ ЖИІ АЙТЫЛЫП ЖҮР. СОНЫҢ ІШІНДЕ БИЗНЕСТІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖАСАҚТАУДА НАРЫҚ СЕГМЕНТТЕРІН НАҚТЫ САРАЛАП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ӘРІ ӨСІМІН ТҰРАҚТАНДЫРУҒА ҚАРЖЫ ТАРТУ МАҢЫЗДЫ РӨЛ ОЙНАЙДЫ.

» 3

ЕРЕКШЕ БАЛАҒА – ЕРЕКШЕ МАМАН

АДАМ ӨМІРІНДЕ СПОРТ ПЕН ҚОЗҒАЛЫС АСА МАҢЫЗ-ҒА ИЕ. АЛ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ЖАНДАР ҮШІН ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ – ТЕК ҚАНА ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ӨМІР САПАСЫН АРТТЫРАТЫН, ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЛУГЕ КӨМЕКТЕСЕТІН МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ. ОСЫ ТҰСТА «АДАПТИВТІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» САЛАСЫ ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРАДЫ. БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ МАМАНДАР – ТЕК ЖАТТЫҚТЫРУШЫ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН БІРГЕ ҚОЛДАУШЫ, ШАБЫТТАНДЫРУШЫ, СЕНІМДІ СЕРІК. ОЛАР БАЛАЛАРДЫҢ МҮМКІНДІГІНЕ ҚАРАЙ АРНАЙЫ ӘДІСТЕМЕЛЕР ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАР ЖАСАТЫП, ФИЗИКАЛЫҚ ӘРІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ.



» 6



РУХАНИ КЕМЕЛДІККЕ БАСТАР ЖОЛ

ҰЛЫ АҚЫН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ТЕРЕҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИСТІК ЖӘНЕ ДІНИ ПАЙЫМДАРҒА ТОЛЫ ӘДЕБИ ТУЫНДЫ. ОЛАР АҚЫННЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН, КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІН АЙҚЫНДАП, ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ БИІК ДЕҢГЕЙІНЕ КӨТЕРІЛГЕН БІРЕГЕЙ ШЫҒАРМА РЕТІНДЕ БАҒАЛАНАДЫ. ҚАРАСӨЗДЕР ТАҚЫРЫПТЫҚ ТҮРҒЫДА ӘР АЛУАН БОЛЫП КЕЛЕДІ, МАЗМҰНДЫҚ ЖҮЙЕСІ АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНЕН ӨЗГЕШЕ, ӨЗ АЛДЫНА БӨЛЕК КӨРКЕМДІК БАҒЫТ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН.

Бұл ретте әдебиеттанушы Қ.Жұмалиев былай деп тұжырымдайды: «Көркем қара сөз қазактың жазба әдебиетінің тарихында Алтынсариннен басталады. Публицистиканың алғашқы негізін қалаушы – Шоқан болса, оны одан әрі дамытушы – Абай. Абайдың қара сөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар. Сөйтіп, ол өзінің көзқарасын, дүниетануын қара сөзбен де кейінгілерге қалдырып кетті». Иә, бұдан шығар түйінді Абайдың қара сөздері – ұлттың рухани темірқазығы, ал оны талдау – абайтану ғылымының өзегі деп бағалар едік.

Абайдың қара сөздерінің құрылымына үңілсек, сөйлем формасы өзгеше, мазмұндық салмағы зор. Әр сөзі – ойдың, тәжірибенің, ішкі толғаныстың көрінісі. Көпшілігі сұрақ-жауап формасында не оқырманмен ішкі диалог түрінде жазылған. Бұл тәсіл – Батыс пен Ресейдің бірқатар ойшылдары қолданған әдіс. Мұндай диалогтық форма ғылым мен өнер туралы терең көзқарасты жеткізудің тиімді тәсілі ретінде танылған. Тіпті бұл тәсілдің негізі көне грек философтарынан бастау алады.

Абай Құнанбайұлының қара сөздерін зерттеу барысында әдебиеттанушылар тарапынан әр түрлі бағыттағы ғылыми тұжырымдар қалыптасқан. Мәселен, философ әрі абайтанушы Ғарифолла Есім қарасөздерді «Сөз жанры» деп атап: «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұны өзіне лайықты форма тапқан», – деп сипаттайды.

Ал абайтанушы ғалым Б.Кенжебаев Абай қара сөздерін теориялық тұрғыдан зерделей отырып, олардың «Ғақлия» деп аталуына қатысты пікір білдіреді: «Ғақлия – ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған өсиет, насихат сөздер. Абайдың қара сөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34-сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал-ғақлия болып келеді. Естуімізше, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана «Ғақлия» деп атаса керек».

Бұл пікірлерді зерделей келсек, екі ғалымның да көзқарасы жанрлық және мазмұндық тұрғыдан бір-бірін толықтырады, бірақ ұстанымдары әр түрлі бағытта екендігі байқалады. Ғ. Есім Абайдың қара сөздерін жанрлық жаңалық ретінде қарастырады, бұл – еркін философиялық ойдың көркем формасы деп тануымызға болады, ал Б.Кенжебаев – қара

сөздерді мазмұндық жіктеу арқылы талдайды, яғни барлығы бірдей ғибраттық емес, сондықтан «Ғақлия» атауы шектеулі қолданысқа ие деген ойды түйіндейді.

Сонымен қатар әдебиеттанушы ғалымдар Абай прозасының жанрлық көптүрлілігін атап көрсетеді. Қара сөздерде ғақлия, нақыл сөздер, ғылыми мақалалар, философиялық трактаттар, өткір сын мен мысқылға толы сатиралық әңгімелер, адамгершілік өсиеттер, публицистикалық насихат үлгілері, шешендік сөздер қатар орын алған. Бұл жанрлық байлық Абайдың ойшылдық деңгейін, көркемдік шеберлігін және рухани тереңдігін айқындайды.

Абайдың ақын шәкірттерінің тілін зерттеген абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы қарасөздердің мазмұндық және тақырыптық аясын талдай келе, Абайдың тарихи миссиясын ислам әлемінің дағдарыс кезеңімен байланыстырады. Ол былай дейді: «Абай – қазақ үшін Ғазалидей биік тұлға. Абай өмір сүрген дәуірде мұсылман әлемі ауыр кезеңдерді бастан кешіріп жатқан еді. Себебі Абайдың тұсында мұсылман мемлекеттердің ешқайсында тәуелсіздік болған жоқ. Отарлаушы империялардың құрсауында қалған мұсылман елдері дін тұрмақ, ғылымнан, білімнен ажырап қалды. Міне, бүтін мұсылман әлемін қараңғылықтан алға сүйреп шығару туралы көзқарас тұсында өмір сүрген Абай мұсылмандықты ғылым, білім арқылы дәріптеп, қазақ қоғамына жаңашылдық серпінін алып келді».

Абайдың қара сөздері әдебиеттану ғылымына жаңа жанр ретінде енген. Бұл прозалық туындылар алғаш рет 1933 жылы «Абай» жинағында жарық көріп, ақынның кемелденген шағында жазылған. Қара сөздер – автордың жүрек толғанысы, философиялық тұжырымы мен өмірлік тәжірибесінің көрінісі. Сол себепті де Абайдың қара сөзбен жазылған ой-толғамы қай кезеңде оқылса да кез келген оқырман оның ішінен өз заманының белгілерін, рухани ізденістерін және адамзаттық құндылықтарды таба алады.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері жан-жақты тақырыптарды қамтиды. Ақын әрбір мәселені нақты әрі ықшам түрде жеткізе отырып, терең философиялық ойлармен байытады. Ол көбіне адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін талдап, ішкі болмысын тексереді. Абайдың ой-толғамдары тек адам табиғатын сипаттаумен шектелмей, фәни өмірдің сырын ұқтыруға бағытталады.

Қара сөздерінде Абай өсиетін бір жағынан қызықты, күлкілі, ұғымға жеңіл етіп жеткізсе, екінші жағынан араб және парсы сөздерін кіріктіре отырып, ойға салмақ береді. Бұл тәсіл оның тілдік мәдениетінің кендігін және шығыстық біліммен терең таныстығын көрсетеді. Абайдың қара сөздері – қазақ әдебиетіндегі ерекше жанрлық үлгі ғана емес, сонымен қатар рухани-этикалық бағдарлама ретінде де бағаланады.

Абайдың қара сөздері – адамзат баласына ортақ рухани құндылықтарды дәріптейтін, тәрбиелік мәні терең философиялық туындылар. Онда ақын адамның ішкі болмысын, мінез-құлқын, ар-ожданын, білім мен ғылымға деген көзқарасын, әділет пен махаббатты терең пайымдайды. Бұл шығармаларда көтерілген мәселелер – тек қазақ қоғамына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ рухани бағдар.

Абайдың 32-қара сөзіндегі «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!» дегенде ұлы ойшыл: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!» деп, мінездің адам бойындағы білім мен ақылдың сақталуына кепіл болатынын атап көрсетеді. Абай Құнанбайұлы өзінің

отыз сегізінші қара сөзінде адам болмысын кемелдікке жеткізбейтін үш негізгі кедергіні атап көрсетеді: надандық, еріншектік, залымдық. Бұл үш сипат – адамзаттың рухани және әлеуметтік деградациясына себеп болатын теріс мінездер. Абай бұл қасиеттерді тек жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамға зиян келтіретін факторлар ретінде қарастырады.

Абай Құнанбайұлы: «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» деп, адам бойындағы енжарлықтың салдарын нақты әрі терең көрсетеді. Еріншектік – өнерге, ғылымға, білімге, руханиятқа қарсы тұратын ішкі кедергі. Ол адамның шығармашылық әлеуетін тұншықтырады, қоғамның прогресіне нұқсан келтіреді. Сондықтан да Абай бұл мінезді өнердің дұшпаны деп атауы – терең философиялық әрі тәрбиелік ескерту деп ұғынуымыз қажет.

Абайдың төртінші қара сөзіндегі «Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» деген тұжырымы – терең әлеуметтік және моральдық сын. Бұл сөз тіркесі арқылы ойшыл адамгершілікке жат, еңбек пен өнерден алшақ, арам жолмен күн көргісі келетін мінезді әшкерелейді. Абай бұл мінездерді «өнерсіз иттің ісі» деп атауы арқылы оларды тек моральдық тұрғыдан ғана емес, рухани және мәдени мешеулік ретінде сипаттайды. Абай Құнанбайұлының алтыншы, сегізінші, он бірінші және үшінші қара сөздері – надандық, еріншектік, мақтаншақтық секілді адам бойындағы кеселдерді шенеп, жоғары ілім мен адамгершілікке үндейтін терең философиялық пайымдаулар жасайды. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес» деп, қоғамдағы шынайы ынтымақтың материалдық емес, рухани негізін айқындап көрсете, «Ырыс – алды тірлік» деген тұжырымында тірлік – еңбек ету, жауапкершілік пен қажырлылықты меңзейді. Жан сақтау үшін қорқақтыққа, еріншектікке бой алдыру – ырысқа дұшпан болу деп бағаланады.

«Кеселді жалқау, қылжақ бас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртқы пысық, ішің нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген-ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», – дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің үшінші, он бірінші сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, бірінші үстінен бірі арыз беріп, жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында болса керек.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани шамшырағы, адамзаттық биік мұраттарды ұсынған кеменгер ақын, ірі тұлға деп танимыз. Оның айтып кеткен нақыл, афоризм сөзі – тек өткеннің үні емес, бүгінгі мен болашақтың да жолбасшысы. Біз оның адамгершілікке, ізгілікке, білім мен еңбекке үндеген қара сөздерінен рухани нәр алып, адамдық сипатымызды шыңдауға ұмтылдык.

Абайдың мұрасы – халықтың сарқылмас асыл қазынасы. Ол – әр қазақтың жүрегінде, санасында, өмірлік ұстанымында мәңгі жасайтын рухани ұстаз. Ұлы ақынның сөзімен айтсақ, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұстаным – бүгінгі қоғам үшін де ең қажетті рухани бағдаршам деп айтуымызға болады. Әр қазақ Абайдан тәлім алып, толық адам болуға талпынса, қоғамымыз кемелденіп, рухани биікке көтеріледі. Абаймен бірге өмір сүріп, Абаймен бірге ойлану – бұл ұлттың рухани жаңғыруының кепілі.

Бақтыгүл ҚАРЫМСАҚОВА,
Ш.Есенов атындағы КТИУ қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты.

reklama@mangmedia.kz

Хабарландыру

«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ «Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №18-02/45 бұйрығына сәйкес Сам ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі аумағынан Сам (4265,1041 га), Ноғайты (2900,2058 га), Тұрыш (1812,0657 га), Ақшымырау (126,5308 га) және Сарша (200,0 га) елді мекендеріне тиесілі жер учаскелерін шығаруға қатысты жасақталған жерге орналастыру бойынша жария талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Материалдар, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін 2025 ж. 3 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталы <https://ndbecology.gov.kz/> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде қолжетімді болады.

Байланыс деректері: 8(7292) 46-21-31, ішкі. 1152 эл. пошта: mangystautabigat@gmail.com.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Джафаров В.С 2025 жылғы 28 тамыз бастап (5 жұмыс күні ішінде) «Металл сынықтарын уақытша сақтау алаңы үшін» қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (объектінің координаттары 43°38'11.92"С 51°14'4.39"В) (Мекен-жайы: Ақтау қаласы, №7 өнеркәсіптік аймақ, 70-ғимарат) Жобалық құжаттамалар топтамасымен танысуға,

сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстар білдіруге болады. Тыңдаулар – НБД СОС және ПР сілтемесі арқылы: ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex – Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі.

Сұрақтар бойынша мына эл. мекен-жайға хабарласыңыз ysseinova@mail.ru (87775928693).

Түпқараған аудандық «Ақкетік» газетіне журналистика факультетін бітірген

тілші қажет

Ақтау қаласы, 9-ш.а., 42/1, «Маңғыстау-Медиа» ғимараты.

Байланыс телефоны: 8 (7292) 20-48-34.



БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС ҚР ЭК 96-бабына сәйкес 2025 жылдың 01 қазанында сағат 11.00-де «Жаңаөзен қ. жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы» жобасына экологиялық рұқсаттар алу үшін құрылыс жұмыстарының жобалық құжаттары бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 1 қазанында сағат 11.00-де, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., Өнеркәсіптік аймақ мекен-жайындағы «ҚазГӨЗ» ЖШС компаниясының әкімшілік ғимаратындағы №201 бөлмедегі акт залында өткізіледі.

Сонымен қатар ZOOM платформасында онлайн режимінде келесі сілтеме арқылы қосылу мүмкіндігі болады:

<https://zoom.us/j/2537868063?pwd=7131s5SzyWaNXUmapf5CbeeXhLZWD0.1&omn=98177137860>.

Конференцияның идентификаторы: 2537868063. Қолжетімділік коды: 953833. Ұйымдастырушы: «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., өнеркәсіптік аймақ, тел.: 8 (7293) 464605, эл. мекен-жайы: axo@kazgprz.kmg.kz.

Өзірлеуші: «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС, Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 157. Қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: 8 (727) 2341668, эл. мекен-жайы: almaty@kare.kz.

Жобалық құжаттама топтамасымен Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz> сайтында ескертулер мен ұсыныстар беру үшін танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ға жолдауға болады, жауапты тұлға Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 778 1139897.

Учаскенің географиялық координаттары:		
	Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1	52,790956	43,364117
2	52,796414	43,364731
3	52,790839	43,372928
4	52,794556	43,374086
Ықтимал әсер ету аумағының географиялық координаттары:		
	Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1	52,777346	43,368653
2	52,787465	43,379501
3	52,807697	43,370059
4	52,798209	43,355823

Тойлыбай Сатыбалдиевтың қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жайы бойынша нотариуске хабарласуыңызды сұраймын:

Ақтау қаласы, 8-ш/а, 14-үй, 2-пәтер. Телефон: 8 7019998733 Нотариус